

«ИЛІЯС ЖАНСУГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ  
НАО «ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ИЛЬЯСА ЖАНСУГУРОВА»  
NP JSC «ZHETYSU UNIVERSITY OF THE NAME OF ILYAS ZHANSUGUROV»

**БЕКІТІЛДІ/ УТВЕРЖДЕНА/ APPROVED**

Басқарма отырысында/на заседании Правления/  
at the meeting of Board /

Хаттама/ Протокол/ Protocol №10 «11»04 2023

Басқарма төрағасы – Ректор/ Председатель

Правления– Ректор/ Chairman of the Board-Rector



г.ғ.д., профессор К. Баймырзаев/  
д.ғ.н., профессор К. Баймырзаев/  
d.g.s. Professor K. Baimyrzayev

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА  
EDUCATIONAL PROGRAMME**

**7M01601 – «ТАРИХ» ғылыми-педагогикалық  
7M01601 - «ИСТОРИЯ» научно-педагогическое направление  
7M01601 - «HISTORY» scientific and pedagogical direction**

**МАГИСТРАТУРА  
MASTER DEGREE**

7M01601 – «Тарих» білім беру бағдарламасы келесідей нормативтік құжаттарға сәйкес құрастырылды:

1. Магистранттарды дайындау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің және Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің 21.12.2012 ж. №12019969 мемлекеттік лицензиясына сәйкес (Қосымша 1) және 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 ҚР МЖМБС білім берудің барлық салалары негізінде, ҚР Әділет министрлігімен 2018 жылдың 01 қарашасында № 17669 тіркелген (Қосымша 2) құжаттар бойынша жүзеге асырылып келеді.

2. 7M01601 – «Тарих» білім беру бағдарламасының біліктілік талаптарына сәйкес түлектерге «Білім магистрі» және «Педагогика ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесі мен біліктілігі тағайындалады.

3. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген жаңа «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы» бойынша 7M01601 – «Тарих» мамандығы 7M016 «Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау» бағытына енді. Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес мамандық коды 7M-ге өзгертіледі.


Әзірлеушілер:

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша Академиялық комитет төрағасы		Абдилданова Альбина Койшымановна, әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша білім беру бағдарламаларының жетекшісі
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша Академиялық комитет мүшелері		
Академиялық персонал		Искакова Гульдария Мубараковна, гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері.
		Каратаева Динара Галимбаевна, гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері.
		Калелова Жадыра Уатаевна, гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері.
Жұмыс беруші-кеңесшілер		Байгенженова Алтыншаш Арысбаевна, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «№4 орта мектеп» КММ директоры.
		Розакова Инкар Мадияровна, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «№5 М.Ломоносов атындағы орта мектеп-лицейі» КММ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.
Білімгер-кеңесшілер (студент/магистрант/докторант)		Абзал Асылбекұлы, 3 курс білімгері. <b>Айдарбеков Арман Ермекұлы, 2 курс магистранты</b>

Білім беру бағдарламасы талқыланды және бекітуге ұсынылды:


Университеттің Академиялық Кеңесі

Хаттама № 7 «28» 03 2023 ж.

Университеттің Академиялық Кеңесі төрағасы  Б.Р. Таубаев


Жоғары мектеп Кеңесі

Хаттама № 6 «23» 02 2023 ж.

Декан  Қ. Рысбеков

Жоғары мектебінің Академиялық комитет

Хаттама № 6 «12» 02 2023 ж.

Жоғары мектебінің Академиялық комитеті төрағасы  А.С. Шыныбекова

# 1 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

## 1.1 Контекст

**Тіркеу нөмірі:** 7M01600011

**Білім беру саласының коды және жіктелімі:** 7M01 Педагогикалық ғылымдар

**Дайындық бағытының коды және жіктелімі:** M016 Тарих педагогтерін даярлау

**Білім беру бағдарламасының тобы:** M016 Тарих педагогтерін даярлау

**Білім беру бағдарламасының атауы:** 7M016 - Тарих

**Білім беру бағдарламасы түрі:** қолданыстығы

**Бағдарлама түрі:** Бірінші цикл: магистратура 7 деңгей ҰБШ / СБШ / ББХСЖ

**Берілетін дәреже:** 7M01601 – «Тарих» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

**Кредиттердің жалпы көлемі:** 120 академиялық кредит (ғылыми-педагогикалық бағыт)

**Типтік оқу мерзімі:** 2 жыл

**Оқыту тілі:** қазақшый, руссый, анлийсый

**Білім беру қызметімен айналысуға лицензия:** Білім беру бағдарламасы 2020 жылдың 24 тамызында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті берген 7M016 Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды даярлау бағыты бойынша №KZ36LAA00018662 лицензияға қосымшасы негізінде жүзеге асырылады

**Аккредиттеу:**

1) **Институционалды аккредиттеу:** Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі, куәлік № SA-A № 0153/5 22.04.2019ж., аккредитацияның әрекет ету мерзімі 22.04.2019 ж. - 19.04.2024 ж.

1) **Мамандандырылған бағдарламалық аккредиттеу:** ACQUIN халықаралық аккредиттеу агенттігі, № IA-A № 0101 аккредитацияның әрекет ету мерзімі 22.04.2019 ж. - 19.04.2024 ж

**Білім беру бағдарламасының рейтингі:**

«Атамекен» ҚР ҰКП – 8 орын 92% (2020 ж.)

**БББ әзірлеуде қолданылған кәсіби стандарттар:** «Педагог» кәсіби стандарты.

## 1.2 I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі орны

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті кең ауқымды мамандықтар бойынша үш сатылы кадрлар даярлауды (бакалавриат, магистратура және PhD докторантура) жүзеге асыратын Жетісу облысындағы ірі өңірлік көп салалы жоғары оқу орны болып табылады.

**Миссиясы:** Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде елдің әлеуметтік-экономикалық даму қажеттіліктерін қанағаттандыратын негізінде бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау.

**Стратегиялық мақсат:**

1. Бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету;  
2. Әлемдік үрдістер контекстінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту.

Университеттің ұлттық және халықаралық рейтингтердегі орны:

3. ҚР көп бейінді жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингісінде 7-орын (БСҚТҚА) – 2021;

4. QS World University Rankings: Emerging Europe and Central Asia 2021 өңірлік рейтингінде дамушы Еуропа мен Орта Азияның үздік жоғары оқу орындары қатарында ТОП-241-250;

5. ARES рейтингінде ҚР 95 ЖОО арасында 6-орын

## 1.3 Білім беру бағдарламасының бейіні

**Негіздеме:** 7M01601 – «Тарих» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы оқытушылық, ғылыми-әдістемелік, басқарушылық, тәрбие жұмыстарын орындайтын магистрлерді даярлауға, жоғарғы білім берудің ұлттық жүйесін Болон үрдісіне бейімдеу жағдайлары мен мүмкіндіктерін қалыптастыруға бағытталған. Ол өз кезегінде европалық және халықаралық білім беру кеңестігімен үйлесім табуға мүмкіндік береді.

7М01601 – «Тарих» мамандығы бойынша оқыту 6М011400 - Тарих білім беру бағдарламасына сәйкес 2012-2013 оқу жылынан бастап жүзеге асырылуда. Осы жылдар ішінде кафедра аталған мамандық бойынша 40-тан аса түлектерді дайындап шығарды.

**Экономика сұраныстарына сәйкес еңбек нарығын зерттеу:** Аймақтың әлеуметтік – экономикалық дамуының ерекшелігі, Жетісу облысының индустриалдық дамуының бағдарламасы мамандарға, ғылыми және педагогикалық кадрларға тапшылықты қамтамасыз ету үшін І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беруді көздейді. Бұл өз кезегінде нарықтық қажеттілікті және ҚР білім беру саясатын ескере отырып қолда бар ресурстарды ББ іске асыруда ұтымды және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді: кадрлық әлеует, материалдық-техникалық база, ақпараттық ресурстар, оқыту мекемелерімен арадағы серіктестік қатынастар.

Жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынасты талдау «Тарих» мамандығын бітірушілерге деген сұраныстың тек Талдықорған қаласы бойынша ғана емес, сонымен қатар Жетісу облысы бойынша және ғылыми-зерттеу орталықтарының, басқарудың мемлекеттік органдарының білім беру жүйесінде өте жоғары екендігін көрсетіп берді.

Тарих ББ мамандарын даярлау сапасы туралы жұмыс берушілердің көзқарасын зерттеу білімгерлердің педагогикалық іс-тәжірибеден өту үрдісі кезінде, сондай-ақ жұмысқа тұру мен жұмыс берушілердің пікірлері негізінде іске асырылады. Оның негізінде білімгерлер іс-тәжірибе жетекшілерінен, мектеп директорларынан мінездеме алады. «7М01601» ББ білімгерлерінің мінездемелерінде теориялық дайындықтың жоғары деңгейі, алған білімді іс жүзінде пайдалана білуі және олардың қазіргі заманға сай болашақ педагог талаптарына сәйкестілігі көрініп тұрады.

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** 7М01601 – «Тарих» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының негізі мақсаты – қазіргі дамушы әлемде кәсіби ұтқырлыққа кепілдік беретін іргелі білімге, жоғары кәсіби, бәсекеге қабілетті, зерттеушілік, тұлғалық-кәсіби, ұйымдастырушылық-басқару құзыреттіліктеріне ие кадрларды даярлау.

### **Бағдарламаның ерекшелігі:**

<i>Кәсіби қызмет саласы</i>	Жалпы білім беретін (орта, орта арнайы, колледж) мекемелер, мемлекеттік ұйымдар, кәсіпорындар.
<i>Кәсіби қызмет объектісі</i>	а) Білім беру (педагогикалық): – білім беру мекемелерінде оқу-әдістемелік үрдісті ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру; – тарихи көп салалы пәндерді оқыту; – мәдениет саласы бойынша рухани мұраларды жинау жұмыстары. б) Ұйымдастыру-басқару: – білім беру мекемелерінде оқу-әдістемелік үрдісті ұйымдастыру; – мәдениет және білім беруді басқару-ұйымдастыру саласындағы ағартушылық жұмыстарын ұйымдастыру; в) Ғылыми-зерттеу: – жоғары оқу орындарында зерттеу бағдарламалары аясында ғылыми зерттеулер жүргізу; – ғылыми зерттеулер мен халықаралық бағдарламаларға жетекшілік ету аясында ғылыми тұрғыдан ынтымақтастық орнату.
<i>БББ филиалы</i>	«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «№5 М.Ломоносов атындағы орта мектеп-лицейі» КММ
<i>Практика базалары</i>	М.Тынышпаев атындағы Жетісу облыстық тарихи-өлкетану музейі, «Талдықорған мемлекеттік архиві» КММ Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ

	Жетісу облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталығы» КММ
<i>Академиялық ұтқырлық бойынша оқу мүмкіндігі</i>	Серіктес-ЖОО: Цюрих университеті Швейцария, Әл-Фараби Қазақ ұлттық университеті, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы энергетика және байланыс университеті, Лодзь университеті (Польша)
Стипендиалық бағдарламалар	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, жергілікті атқарушы органдардың гранты

#### **1.4 Түлектің бейнесі**

магистратура үшін

1) зерттеу контексінде идеяларды әзірлеу және (немесе) қолдану кезінде оқытылып отырған саланың озық білімдеріне негізделген осы саладағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді көрсете білу;

2) жаңа ортада, барынша кең пәнаралық контексте проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен қабілетін кәсіби деңгейде пайдалана білу;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру;

4) мамандарға, сондай-ақ маман еместерге ақпаратты, идеяны, қорытындыларды, проблемаларды және шешімдерді нақты және тиянақты түрде хабарлау;

5) зерделеніп отырған салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларының болу қабілетін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді.

#### ***ББ түлегінің құзыреттіліктері:***

ТҚ 1 – ғылыми танымның дамуындағы заманауи тенденциялар туралы, гуманитарлық ғылымдардың өзекті деген әдістемелік және философиялық проблемалары туралы, жаһандандудың әлеуметтік-экономикалық үрдістері мен қарама-қайшылықтары жөнінде түсініктің болуы;

ТҚ 2 – ғылыми қызметті ұйымдастыру принциптері мен ғылыми таным әдістемесін білу, заманауи ақпараттық технологияларды тарту арқылы ақпараттық-аналитикалық және ақпараттық-библиографиялық жұмысты жүргізу қабілетін меңгеру;

ТҚ 3 – кәсіби және зерттеу қызметінде алған білімді пайдалана алу, жаңа бейтаныс жағдайлар кезінде зерттеу міндеттерін шешу үшін білімді интеграциялау; жинақталған материалды жинау, өңдеу және талдай білу; магистрлік диссертацияны орындау барысында оның шынайылығы мен жеткіліктігін анықтау;

ТҚ 4 – тарихи процестер мен құбылыстарды талдауда ғылыми концепциялар, теориялар мен ұғымдарды сыни талдаудан өткізе білу; үнемі білімді жаңарту қабілетіне ие болу; кәсіби дағдыларды кеңейте білу;

ТҚ 5 – оқытудың интербелсенді әдістерін, салыстырмалы-тарихи және типологиялық әдістерді тарихи құбылыстарды оқыту үрдісінде қолдана білуге қабілеттілік;

ТҚ 6 – деректанудың теориялық әдістері мен негіздерін, деректерді талдау мен синтездеу дағдыларын игеру, алған білімді зерттеу міндеттемелерін шеші кезінде пайдалана білу;

ТҚ 7 – күнделікті және кәсіби қызмет барысында білімді кеңейту мен тереңдету дағдыларына ие болу; күнделікті кәсіби қызмет пен докторантурада білім аруды жалғастыру үшін қажетті болып табылатын үнемі ізденіс пен оқуға деген қажеттілікті түйсіну, жаңа білімді алу дағдыларын меңгеру;

ТҚ 8 – ғылыми тарихи білімге сүйене отырып, проблемаға өзіндік көзқарасын қалыптастыру; зерттелетін курстардың даулы мәселелері бойынша пікірталасқа қатысушының позициясы мен дәлелдер жүйесін сыни тұрғыдан қабылдау, оны гуманистік идеалдар мен демократиялық құндылықтар тұрғысынан бағалау.

ТҚ 9 – Қазақстандағы тарихи үрдістің біркелкілігін сипаттайтын негізгі үрдістер, фактілер мен құбылыстар туралы түсінігінің бар болуы; ХХ ғ. басында қазақ либералды-демократиялық интеллигенциясының қызметі мен қалыптасу негіздерін талдайды;

ТҚ 10 – тарихи деректер және зерттеулермен өз бетімен жұмыс жасау, оларды талдау, материалдарды жинақтау мен өңдеуді іске асыру; тарихи оқиғаларды талдау, оларға баға беру мен өзіндік қорытындылар жасау; шетелдік және отандық тарихтың өзекті мәселелерін терең зерттеу.

**ЖБП циклінің міндетті пәндерін оқып бітіргеннен кейін білім алушы:**

- 1) ғылыми және философиялық таным әдістерімен табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми тұрғыда түсінуді және зерттеуді қамтамасыз ететін философия негіздерін білу арқылы қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған шындыққа баға беру;
- 2) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұнын және ерекшеліктерін интерпретациялау;
- 3) әлеуметтік және өндірістік салаларда болып жатқан барлық құбылыстарға жеке баға беру;
- 4) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшелігін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын көрсете білу;
- 5) Қазақстанның қазіргі заманғы оқиғаларының себептері мен салдарын талдау үшін тарихи сипаттау әдістері мен тәсілдерін қолдана білу;
- 6) әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психологияның базалық білімі негізінде түрлі тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас салаларындағы жағдайларға баға беру;
- 7) осы ғылымдардағы білімді интеграциялық процестердің қазіргі заманғы өнімі ретінде синтездеу;
- 8) нақты ғылымды, сондай-ақ бүкіл әлеуметтік-саяси кластерді зерттеуге арналған ғылыми әдістер мен тәсілдерді қолдана білу;
- 9) өзінің моральдық және азаматтық ұстанымын дамыту;
- 10) қазақстандық қоғамның іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын пайдалану;
- 11) жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін таныту;
- 12) әлемде танылған әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнді практикада қолдана білу;
- 13) талдаудың әдіснамасын таңдау;
- 14) зерттеудің нәтижелерін жинақтай білу;
- 15) жаңа білімді синтездеу және оны гуманитарлық әлеуметтік маңызды өнімдер түрінде ұсыну;
- 16) тұлғаралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіби) қарым-қатынас мәселелерін шешу мақсатында қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасай білу;
- 17) грамматикалық білімдер жүйесін, белгілі бір тілде тиісті ниет білдірудің прагматикалық құралдарын жеткілікті көлемде түсіну негізінде лингвистикалық және сөйлеу ресурстарын дұрыс пайдалана білу;
- 18) байланысқа қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беру;
- 19) жеке іс-әрекеттерінде түрлі ақпараттық және коммуникациялық технологияларды: интернет-ресурстары, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша бұлтты және мобильді қызметтерді қолдана білу;
- 20) өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойына жеке білім беру траекториясын құру, дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын ұстану.

### **Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

ОН 1 – ғылыми тарихи білімге сүйене отырып, проблемаға өзіндік көзқарасын қалыптастыру; зерттелетін курстардың даулы мәселелері бойынша пікірталасқа қатысушының позициясы мен дәлелдер жүйесін сыни тұрғыдан қабылдау, оны гуманистік идеалдар мен демократиялық құндылықтар тұрғысынан бағалау;

ОН 2 – әлемнің толерантты азаматы бола отырып, мәдениетаралық байланысты көрсете отырып, басқа елдер мен халықтардың мәдениеттері мен әдет-ғұрыптарын сипаттау; этнологияның негізгі теориялық және әдіснамалық мәселелерін түсіндіру; этнодемографиялық фактордың адамзат тарихындағы рөлі мен маңызы;

ОН 3 – ғылым тарихы мен философиясының қазіргі мәселелерін жүйелеу үшін, қазіргі ғылым философиясының ережелерін абстрактілі-логикалық талдау және синтездеу ерекшеліктерін ескере отырып, оның концептуалды-әдістемелік аппаратын меңгеру;

ОН 4 – шетелдік және отандық тарихнаманың жаңа бағыттарын сыни тұрғыдан талдау; тарихтың өзекті мәселелерін анықтау және талдау, оларды ғылыми зерттеулерде және тәжірибеде қолдану;

ОН 5 – жоғары мектепте және ғылыми-зерттеулердің әдіснамасының білім беру үрдісінде басқарушылық қызмет тәсілдерін қолдана отырып, ұйымдастырудың негізгі әдістерін қолдану;

ОН 6 – өзіндік идеяларды, проблемалар мен шешімдерді дамытып, оларды мамандарға да, жалпы аудиторияға да ұсыну;

ОН 7 – шетелдік дерек көздерінен кәсіби ақпарат алу, ғылыми хат алмасу, ғылыми мақалалар мен баяндамалар дайындау, өз ұстанымын ауызша және жазбаша түрде білдіру үшін қажетті деңгейде шет тілін білу;

ОН 8 – тарихи құбылыстар мен фактілерді тарихилық принципіне сүйене отырып, тарихи процесс пен кезеңдердің заңдылықтарын ескере отырып талдау;

ОН 9 – қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуының алғышарттарын, оның даму, өрлеу және құлдырау процестеріне дәйектер келтіру; Қазақ хандығының эволюциясындағы Сыр бойындағы қалалардың рөлі мен маңызын анықтау;

ОН 10 - тарихтың маңызды және өзекті мәселелерін бөліп көрсету; қоғам мен мемлекет дамуының ерекшеліктері мен заңдылықтары, тарихи ой; практикалық оқу және жазбаша жұмыстарды жазу барысында ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдау; аппаратымен жұмыс жасау дағдыларын меңгерген;

ОН 11 – қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси тарихтағы рөлі мен орнын анықтай отырып, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы туралы идеяларды дәрежелілеу, XX ғасырдың басындағы ұлттық-мемлекеттік құрылыс проблемаларын сипаттау;

ОН 12 – дерек көздерін терең ғылыми талдауға сүйене отырып, әртүрлі ақпарат көздерін өзектілігі, сенімділігі және объективтілігі тұрғысынан бағалау;

***Жұмысқа орналасу мүмкіндігі:*** Жұмыс берушілермен өзара қарым-қатынасты талдау І.Жансүгіров атындағы ЖУ түлектерінің Талдықорған қаласының және Жетісу облысының білім беру жүйесінде жоғары сұранысқа ие екендігін көрсетті.

***Бітіруші келесідей ұйымдар мен мекемелерге жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие:*** жалпы білім беретін орта мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың, колледждердің тарих мұғалімдері; тарих бойынша зерттеу үйірмелерінің жетекшілері, мұражайлар мен мұрағат мекемелерінің мамандары; тарих бойынша ҰБТ-ға дайындық үшін репетиторлар, жергілікті білім басқармасы және әкімдіктердің мамандары.

Тарих бакалавры "Тарих" мамандығы бойынша магистратурада оқуды жалғастыруға құқылы.

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

### 2.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль №	Модуль атауы және коды	Пән атауы және №	Ак. кредит саны	Пән циклы	Модуль бойынша оқыту нәтижелері
1	GBOM-1 «Ғылым мен білімнің өзекті мәселелері»	Ғылым тарихы және философиясы	4	ЖБП	Даму процестерінің физиологиялық және функционалдық ерекшеліктерін және оқушылар мен студенттердің жеке білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, жаңартылған орта білім беру контекстінде оқу үдерісін болжау, жоспарлау және басқару, білім беру жүйесі мен педагогикалық ой эволюциясының негізгі кезеңдері мен заңдылықтары туралы идеяларды ғылыми жүйеге келтіру.
2	ӘДІС– 3 «Әдістеме»	Жоғары мектептің педагогикасы	4	ЖБП	
3	ӘДІС– 3 «Әдістеме»	Басқару психологиясы	4	ЖБП	
4	ӘЖОТИМ – 2 «Әлемдік және Отандық тарихтың іргелі мәселелері»	Шет тілі (кәсіби)	4	ЖБП	
5	GBOM-1 «Ғылым мен білімнің өзекті мәселелері»	ТК 2.1 <b>А) Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру негіздері</b> В) Тарихи зерттеу әдістері	5	БП	Білім траекториясы шеңберінде алынған қазіргі заманғы түсініктер мен теориялар, тұжырымдамалық және категориялық аппарат жөніндегі арнайы білімді қолдана алады; әлемдік тарих контекстінде Қазақстанның демографиялық дамуының негізгі заңдылықтарын, параметрлерін көрсететін факторлар жиынтығын анықтау және түсіндіру.
		ТК 2.2 <b>А) Шетелдік тарихнаманың жаңа бағыттары</b> В) Қазақстан тарихы бойынша шетел деректері (XIX-XX ғғ.)	5	БП	
		ТК 2.3 <b>А) Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы: теориялық-әдіснамалық мәселелер</b> В) Қазақстанның ортағасыр тарихының өзекті мәселелері	5	БП	
6	ӘЖОТИМ – 2	ТК 3.1 <b>А) Ортағасырлық Шығыс ғалымдары және ойшылдарының тарихи мұралары</b>	6	КП	Негізгі тарихи фактілерді, үрдістерді, түсініктер мен терминдерді, шетел тарихының

«Әлемдік және Отандық тарихтың іргелі мәселелері»	В) XIX-XX ғғ. Орталық Азиядағы этнодемографиялық үрдістер			тарихнамалық мәселелерін, оқиғаларды тарихи талдаудың ерекшеліктерін білу; тәуелсіз қорытындылар мен тұжырымдар жасау; елдердің тарихын қазіргі және жаңа замандағы зерттеудің теориялық, нақты-тарихи және тарихнамалық аспектілерін біріктіру; қолда бар білімді логикалық және дәйекті түрде ұсыну, материалды еркін жеткізу.
GBOM-1 «Ғылым мен білімнің өзекті мәселелері»	<p>ТК 3.2</p> <p><b>А) Тарихи деректермен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері</b></p> <p><b>В) Магистранттардың кәсіби бағытталған қызметін ұйымдастыру</b></p>	6	КП	Білім траекториясы шеңберінде алынған қазіргі заманғы түсініктер мен теориялар, тұжырымдамалық және категориялық аппарат жөніндегі арнайы білімді қолдана алады; әлемдік тарих контекстінде Қазақстанның демографиялық дамуының негізгі заңдылықтарын, параметрлерін көрсететін факторлар жиынтығын анықтау және түсіндіру.
GBOM-1 «Ғылым мен білімнің өзекті мәселелері»	XX ғ. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері	5	КП	Негізгі тарихи фактілерді, үрдістерді, түсініктер мен терминдерді, шетел тарихының тарихнамалық мәселелерін, оқиғаларды тарихи талдаудың ерекшеліктерін білу; тәуелсіз қорытындылар мен тұжырымдар жасау; елдердің тарихын қазіргі және жаңа

					замандағы зерттеудің теориялық, нақты-тарихи және тарихнамалық аспектілерін біріктіру; қолда бар білімді логикалық және дәйекті түрде ұсыну, материалды еркін жеткізу.
	GBOM-1 «Ғылым мен білімнің өзекті мәселелері»	ТК 3.3 <b>А) Бірегейліктің антропологиясы</b> В) Этнологияның теориялық-методологиялық мәселелері	5	КП	Антропологиялық көзқарасқа негізделген бұл арнайы курс сізді сәйкестендірудің заманауи теорияларымен танысуға шақырады. Пәнді оқытудың мақсаты – тұлғаның проблемалық саласы бойынша білімді жүйелі түрде меңгеру. Соңғыларының призмасы арқылы ұлттық, мемлекеттік, азаматтық, этникалық, аймақтық және т.б сәйкестік түрлері талданады. Қазіргі қоғамдағы сәйкестік түрлерінің қалыптасуына әсер ететін критерийлер мен факторлар қарастырылады.
	ӘЖОТИМ – 2 «Әлемдік және Отандық тарихтың іргелі мәселелері»	ТК 3.4 <b>А) Ресей империясының құрамындағы Орта Азия мен Қазақстан</b> В) Отарлау кезеңіндегі қазақ халқының ұлт-азаттық күресі	5	КП	Негізгі тарихи фактілерді, үрдістерді, түсініктер мен терминдерді, шетел тарихының тарихнамалық мәселелерін, оқиғаларды тарихи талдаудың ерекшеліктерін білу; тәуелсіз қорытындылар мен тұжырымдар жасау; елдердің тарихын қазіргі және жаңа замандағы зерттеудің теориялық, нақты-тарихи және тарихнамалық
7	GBOM-1 «Ғылым мен білімнің өзекті мәселелері»	ТК 3.5 <b>А) Қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі</b> В) XIX-XX ғғ. Орталық Азиядағы этнодемографиялық үрдістер	5	КП	тұжырымдар жасау; елдердің тарихын қазіргі және жаңа замандағы зерттеудің теориялық, нақты-тарихи және тарихнамалық
	ӘДІС – 3 «Әдістеме»	ТК 3.6/ КВ 3.6/ ОС 3.6 А) Жоғарғы оқу орындарында интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану В) Тарихты оқытудағы инновациялық технологиялар	6	КП	

					аспектілерін біріктіру; қолда бар білімді логикалық және дәйекті түрде ұсыну, материалды еркін жеткізу.
8	ӘДІС– 3 «Әдістеме»	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	7	МҒЗЖ	
9	ӘДІС– 3 «Әдістеме»	Педагогикалық іс-тәжірибе	4	БП	
10	ӘДІС– 3 «Әдістеме»	Зерттеу іс-тәжірибе	15	КП	
11	ӘДІС– 3 «Әдістеме»	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	8	ҚА	

## 2.2 Пәндер бойынша мәлімет

№	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Қалыптастыратын оқу нәтижелері (коды)
<b>Жалпы білім беретін пәндер циклы</b> <i>Міндетті компонент</i>				
1	Ғылым тарихы және философиясы	Әлемдік және қазақ философиялық ойлар мен дүниетанымдық үрдістер дамуының негізгі кезеңдерін қарастырады. Болмыс пен сананың жалпы теоретические мәселелерін зерттейді, жалпы әлемді тану мәселелерін зерттеуде әлемдік философиялық ойлардың тәжірибесін сипаттайды. Әлемге біртұтас көзқарасын қалыптастыруға және қазіргі дәуірдің шындығын түсіндіруге бағытталған. Негізгі философиялық ұғымдар, категориялар мен философиялық таным әдістерін қарастырады.	4	ОН3
2	Жоғары мектептің педагогикасы	Қазақстандағы жоғары білім берудің тарихы мен қазіргі жағдайы, оның даму үрдістері туралы түсініктерді қарастырады. ЖОО-да білім беру-тәрбие үрдісінің логикасы туралы түсінік береді; студент жастардың білім беру және тәрбиелеудің ғылыми негіздерін, мақсатын, мазмұнын анықтайды; педагогтердің әдіснамалық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.	4	ОН5
3	Басқару психологиясы	Адам мен қоғам дамуының объективті және субъективті үдерістерін терең тануға қажетті заңдылықтарды, механизмдер мен фактілерді көрсететін әлеуметтік-саяси және психологиялық білімді қамтиды.	4	ОН5

		Әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану, психология - ғылыми пәндерінің арасындағы өзараәрекет ақпараттық толықтыру, ықпалдасу және зерттеу тәсілдерінің әдістемелік біртұтастығы қағидаларының негізінде іске асады.		
4	Шет тілі (кәсіби)	Мақсаты – шеттілдік білім беру үдерісінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзіреттерін жеткілікті (А2, жалпыеуропалық құзыреттер) және базалық жеткілікті (В1, жалпыеуропалық құзыреттер) деңгейлерінде қалыптастыру болып табылады. Білім алушының тілдік деңгейі дайындығына байланысты жоғары оқу орнына түскенге дейін В1 жалпы еуропалық құзыреттілік деңгейінен жоғары болса, курстың аяқталу кезеңінде В2 жалпыеуропалық құзыреттілік деңгейіне жете алады.	4	ОН7
<b>Базалық пәндер циклы</b> <b>Таңдау компоненті</b>				
5	ТК 2.1 А) Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру негіздері	Ғылыми зерттеулерді жүргізуде алған білімді пайдалану мақсатында ғылыми жұмыстарды ұйымдастырудың қалыпты әдістері мен тәсілдерін меңгереді. Тарихнаманың жаңа тәсілдерін басшылыққа ала отырып, тарихтың теориялық-методологиялық мәселелерімен және тарихи зерттеулердің әдістерімен таныстырады. Алған білімдері негізінде ғылыми мақалалар мен диссертацияны жазу дағдысын меңгереді. Тарихи деректер және зерттеу материалдарымен өздігінше жұмыс істеу, оларды өңдеу және ғылыми қауымға ұсыну дағдыларына ие.	5	ОН5, ОН9
	ТК 2.1 В) Тарихи зерттеу әдістері	Тарих ғылымының қазіргі методология мақсаттары және жан-жақты дамыған мамандарды даярлау міндеттерін басшылыққа ала отырып, тарихи зерттеудің мазмұны, оны ұйымдастыру және әдістерін қарастырады. Тарихи деректерді сыртқы сынға алу үшін және кешенді деректану ғылымының әдістері және техникалық тәсілдерімен, деректанулық терминологиямен, архив құжаттарын жинақтау және жүйелеудің принциптері мен әдістерімен, ғылыми зерттеу дағдыларымен таныстырады. Тарихи деректерді өзектілігі, шынтуайттылығы және объективтілігі тұрғысынан талдай алатын, теориялық негіздер мен практикалық дағдыларға ие жоғары кәсіби тарихшы маман ретінде қалыптасады.	5	ОН5
6	ТК 2.2 А) Шетелдік	Шетелдік тарихнаманың негізгі бағыттарын, тарих ғылымының жалпы даму үрдістерін	5	ОН4, ОН8,

	тарихнаманың жаңа бағыттары	көрсететін және қолданылатын теория, концепция, әдіс-тәсілдердің сипатын білдіретін әртүрлі тарихи мектептерді қарастырады. Шетелдік тарихнаманың негізгі бағыттары, тарих ғылымының жаңа ғылыми әдістер және тәсілдерімен таныстырады. Аталған ғылымның теориялық мәселелерін айқындайды және методологияның дамуын талдайды. Сонымен қатар тарихи деректерді сынға алу мен деректанулық талдау жасай алады.		ОН12
	ТК 2.2 В) Қазақстан тарихы бойынша шетел деректері (XIX-XX ғғ.)	XIX-XX ғғ. Қазақстан тарихына арналған шетелдік деректер мен авторлардың негізгі еңбектерін деректанулық тұрғыда қарастырады. Деректердің түрлерін меңгереді және олардың проблеманы зерттеудегі орнын айқындайды. Дереккөздерді талдайды және толықтығы мен объективтілігі тұрғысынан баға бере алады. Тарихи принципке сүйене отырып шетелдік деректерді ғылыми зерттеулерде және нақты тарихи оқиғалар мен құбылыстарды нақтылауда пайдалану дағдысына ие.	5	ОН4, ОН8, ОН12
7	ТК 2.3 А) Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы: теориялық-әдіснамалық мәселелер	Қазақ хандығының қалыптасуынан тәуелсіздік алғанға дейінгі теориялық-методологиялық аспектілері, Қазақстан тарихының әртүрлі кезеңдердегі мемлекеттілік нышандарының эволюциясы, аталған үрдістің кеңес үкімет орнауы тұсындағы қайшылықтығы, сонымен қатар Евразия тарихындағы қазақ мемлекетінің орнын орнын ашуға бағытталған. Қазақ мемлекеттілігінің алғышарттары мен Сыр өңірі қалаларының Қазақ хандығы үшін ролі мен маңызын айқындай алады. Тарихи білімге сүйене отырып, заңдылықтар аясында қазақ мемлекеттілігінің алғышарттарын, қазақ мемлекетінің эволюциясында нақты тұлғалардың ролі мен маңызын талдай алады.	5	ОН8 ОН9
	ТК 2.3 В) Қазақстанның ортағасыр тарихының өзекті мәселелері	Ортағасырлардағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: мемлекеттіліктің қалыптасуы, түркі дәуірінің ролі мен маңызы, моңғол шапқыншылығының зардаптарын ашу, қазақ мемлекеттілігінің негізі, Қазақ хандығының құрылуының күрделі процесі және дамуының тарихы қарастырылады. Қазақ мемлекеттілігінің алғышарттары мен Сыр өңірі қалаларының Қазақ хандығы үшін ролі мен маңызын айқындай алады. Тарихи білімге сүйене отырып, тарихи оқиғаларды заңдылықтар аясында талдай алады.	5	ОН8, ОН9
8	ТК 3.3	Антропологиялық бірегейліктің негізгі	5	

	А) Бірегейліктің антропологиясы	түсініктері мен заманауи теорияларын, «бірегейлік» ұғымының қалыптасуын, сонымен қатар қазіргі қоғамда кездесетін тұлғалықтың түрлерін қарастырады. Адамның әртүрлі топтар мен қауымдарға өзін жатқызуын қалай түсіндіретінін адам психикасының қасиетін концентрлік түрде мазмұндайды. Әртүрлі антропологиялық белгілер мен әдістерді пайдалану арқылы басқа мәдени дәстүрді түсінбеуден туындайтын қақтығыстардың алдын алу үшін өзіндік сәйкестендіруді анықтайды, бірегейліктің жеке және әлеуметтік деңгейлерін айқындайды. зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді.		ОН1, ОН2
	ТК 3.3 В) Этнологияның теориялық-методологиялық мәселелері	Заманауи білім беру мақсаттарын, саналы және жан-жақты дамыған тұлғаларды даярлау міндеттерін басшылыққа ала отырып, этнологияның теориялық-методологиялық мәселелері мен тарихи зерттеудің әдістерін айқындайды. Этнологияның теориялық-методологиялық мәселелерін түсіндіре алады. Зерттеуде ғылыми пікірталастар мен дәлелдерді шешуде сыни тұрғыдан ойлау дағдылары қалыптасады. Тарихи білімді гуманистік идеалдар мен демократиялық құндылықтарды бағалауда пайдалана алады.	5	ОН1, ОН2
9	ТК 3.4 А) Ресей империясының құрамындағы Орта Азия мен Қазақстан	Орта Азия мен Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуі, үрдістің заңдылығын, тарихи алғышарттары мен енуінің себептері, патшалықтың отарлау саясатының кезеңдері мен бағыттары және салдарлары қарастырылады. Патшалықтың әкімшілік-территориялық реформаларының мазмұнын және Орта Азия мен Қазақстанның осы кезеңдегі тарихына қатысты пікірталас тудыратын мәселелер бойынша сыни тұрғыдан талдау жасайды.	5	ОН1, ОН8
	ТК 3.4 В) Отарлау кезеңіндегі қазақ халқының ұлт-азаттық күресі	Қазақ халқының патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық күресін қарастырады. С.Датұлы, И.Тайманұлы, К.Қасымұлы, Ж.Нұрмұхамедұлы бастаған және т.б., 1916 жылғы көтерілістің тарихи маңызын айқындайды. Патшалықтың қазақ даласында жүргізген отарлау саясаты мен зардаптарының мәнін ашады. Тарихи білімге сүйене отырып, тарихи оқиғаларды заңдылықтар аясында талдайды, қазақ халқының қозғалысының себептері мен сипатын, тарихи маңызын, қозғалыстардың жалпы және ерекшеліктерін айқындайды.	5	ОН1 ОН8, ОН11
10	ТК 3.5 А) Қазақ	XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі қайшылықты	5	ОН6

	зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі	үрдістер мен қазақ ұлт зиялыларының ролі, қазақ зиялыларының қалыптасуының бастаулары, олардың тәуелсіздік үшін күрес жолындағы көзқарастары мен мақсаттары, Алаш қозғалысындағы ролінің маңызы қарастырылады. Қазақстан тарихының күрделі кезеңінің саяси оқиғалары, қазақ зиялыларының қызметін зерттеудегі өзекті мәселелер және олардың тәуелсіздікке жету жолындағы дүниетанымы мен идеяларына өздігінше баға береді.		ОН8 ОН11
	ТК 3.5 В) XIX-XX ғғ. Қазақстандағы этнодемографиялық үрдістер	XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдағы Қазақстанның полиэтникалық құрамының қалыптасу кезеңдері мен факторлары, патшалықтың қоныс аудары саясаты, оның кеңестік дәуірде ұжымдастыру, индустриализация, XX ғ. 20-30 жж. саяси репрессиялар, Қазақстанға халықтардың депортациясы, тың және тыңайған жерлерді игеру саясаттары кезінде тереңдеуін қарастырады. Тарихи білімге сүйене отырып, тарихи оқиғаларды заңдылықтар аясында талдайды. Нақты мәселелерді шешуде өзіндік идеяларын жасайды.	5	ОН6 ОН8
11	ТК 3.6 А) Жоғарғы оқу орындарында интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану	Жоғарғы оқу орындарында тарихты оқытуда қолданылатын интербелсенді әдіс-тәсілдерді, оларды қолдану ерекшеліктерін, интербелсенді оқытудың жалпы нәтижелері мен тиімділігін қарастырады. Ғылыми жетістіктерді олардың қажеттілігіне сәйкес енгізудің маңыздылығын және білім алушыны өз жеке қызметінің субъектісіне айналуды мүмкіндіктерін жасауды көрсетеді. Білім алушылардың теориялық білім алуда және практикалық дағдыларын қалыптастыруда танымдық қызметін күшейтетін инновациялық әдістерді пайдалана алады.	6	ОН5
	ТК 3.6 В) Тарихты оқытудағы инновациялық технологиялар	Инновациялық технологияларды дәріс және практика сабақтарында қолдану. Quiz, kahoot, Learning App, World Wall және т.б. инновациялық технологиялар арқылы тақырыптарды ашу. Инновациялық технологияларды тиімді пайдалану. «Тарих» бағыты бойынша магистранттарды даярлауда білім беру үрдісіне интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдануды қарастырады. Білім беру және кәсіби стандарттар талаптарына сәйкес білім алушылардың білімі мен дағдыларын дамытуда инновациялық әдіс-тәсілдердің тиімділігі	6	ОН5

		мен әсерін талдайды. Quiz, Kahoot, Learning App, World Wall және т.б. инновациялық технологияларды дәріс және практикалық сабақтарда тиімді пайдалана алады.		
<b>Кәсіптендіруші пәндер циклы</b> <b>ЖОО компоненті</b>				
12	ТК 3.1 А) Ортағасырлық Шығыс ғалымдары және ойшылдарының тарихи мұралары	Ортағасырлық Шығыс ғалымдары мен ойшылдарының рухани мұрасын қарастырып, олардың әлемдік өркениетке қосқан үлесімен танысады. Әл-Хорезми, Бируни, Бабыр, әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни және т.б. мұрасын талдайды. Ортағасырларда Орталық Азияда орын алған ғылыми-мәдени ренессанстың ерекшеліктерін айқындайды. Шығыстың ұлы ойшылдарының еңбектерін, олардың идеяларын және ашуларын талдайды, сонымен қатар олардың қазіргі әлем үшін маңызын айқындайды.	5	ОН2 ОН8
	ТК 3.1 В) XIX-XX ғғ. Орталық Азиядағы этнодемографиялық үрдістер	XIX-XX ғғ. Орталық Азияның полиэтникалық және мультимәдени сипатының қалыптасуын, патшалық Ресей және Кеңес үкіметінің Орталық Азияда жүргізген әлеуметтік-экономикалық реформаларының (репрессияланған халықтарды депортациялау, Ұлы Отан соғысы жылдарында халықты эвакуациялау, XX ғ. 30-50 жж. миграциялық үрдістер) аумақтың этнодемографиялық дамуына тигізген әсерін қарастырады. Тарихилық принцип негізінде этнодемографиялық үрдістердің заңдылықтарын анықтай алады, аймақта қалыптасқан жағдайды түсіну мақсатында ғылыми негіздегі демографиялық және статистикалық әдістерді пайдаланады.	5	ОН2 ОН8
13	ТК 3.2 А) Тарихи деректермен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері	Тарихи зерттеу міндеттерін шешу үшін деректанулық зерттеудің әдіс-тәсілдерін, тарихшының кәсіби қызметі үшін қажет деректердегі ақпаратты талдау және өздігінше табу, тарихи деректермен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін қарастырады. Жеке тектік құжаттар, мерзімді басылымдар, заң актілері және архив құжаттарын деректанулық тұрғыдан зерттейді. Тарихи деректерді өзектілігі, шынтауыттылығы және объективтілігі тұрғысынан, сонымен қатар өздігінше зерттеу жұмысын жүргізу барысында талдайды.	6	ОН4 ОН12
	ТК 3.2 В) Магистранттардың кәсіби бағытталған	Магистранттардың кәсіби-бағытталған қызметін ұйымдастырудың мазмұндық-процессуалдық аспектілерін қарастырады. Олардың алдына қойылған кәсіби міндеттерді өздігінше шешу, жоғарғы оқу	6	ОН5 ОН10

	қызметін ұйымдастыру	орындарында тарихты оқытуда қолданылатын интербелсенді әдіс-тәсілдерді, оларды қолдану ерекшеліктерін, интербелсенді оқытудың жалпы нәтижелері мен тиімділігін қарастырады. Ғылыми жетістіктерді олардың қажеттілігіне сәйкес енгізудің маңыздылығын және білім алушыны өз жеке қызметінің субъектісіне айналу мүмкіндіктерін жасауды көрсетеді. үйрету негізделген. Педагогикалық бағыттағы магистранттарды кәсіби даярлауда әртүрлі тәжірибе түрлерінің мақсатты бағытын біледі.		
14	XX ғ. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері	XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін, кеңестік кезеңде, әсіресе XX ғасырдың 20-30 жылдарында орын алған қоғамдық-саяси өзгерістерді қарастырылады. Кеңес үкіметінің орнауы, коммунистік идеологияның қабыптасуы, тоталитарлық саяси режимнің нығаюы социумның қоғамдық-саяси жүйесінің дағдарысына алып келіп, Қазақстанда демократиялық үрдістердің қажеттілігін көрсетті. Қайшылықты кезеңдер мен тоталитарлық жүйенің саяси науқандарын талдай алады және ғылыми жұмысты жазу барысында пайдаланады.	5	ОН4 ОН10 ОН11
15	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Магистранттарды отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, методологиялық және технологиялық жетістіктерімен, сонымен қатар ғылыми заманауи ғылыми зерттеу әдістерімен таныстырады. Эксперименттік мәліметтерді өңдеу және интерпретациялау, дербес ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде тәжірибелік, тарихи мәселелер бойынша ғылыми жұмыстарды жазуда және ғылыми материалдар жинауда дағды қалыптасады.	7	ОН1 ОН3 ОН10
16	Педагогикалық практика	Педагогикалық практика ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау объектісі болып табылады және практикалық дағдылар мен оқыту әдістемесін қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Мазмұны магистранттардың студенттік топпен жұмыс жасауының теориялық білімдерін жүзеге асыруға және практикалық біліктері мен дағдыларын жетілдіруге, жоғары білікті мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыруға бағытталған.	4	ОН1 ОН3 ОН10
17	Зерттеу практика	Зерттеу іс-тәжірибесі Тарих мамандығы магистранттарының оқу үрдісінде алған теориялық білімін бекітуге, магистранттың өзіндік жеке жұмысын ұйымдастыру мен сабақ өткізуге дайындық дағдыларын	15	ОН1 ОН3 ОН10

		үйренуге, арнайы зерттеулер бойынша компетенцияларды меңгеруге, сондай-ақ алдыңғы ғылыми жұмыстардың тәжірибесін меңгеруге бағытталған.		
18	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	Магистранттың диссертациясы тиісті білім саласын дамыту үшін маңызы бар, елдің дамуы үшін айтарлықтай маңызы бар мәселенің шешімін қамтитын ғылыми-біліктілік жұмысы болуы керек. Диссертация магистранттың өз бетінше жазылуы, ішкі бірлігі болуы, көпшілік алдында қорғау үшін ұсынылған жаңа ғылыми нәтижелер мен ережелерді қамтуы және диссертация авторының ғылымға қосқан жеке үлесі туралы куәландыруы керек. Магистрант ұсынған жаңа шешімдер басқа белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденіп, бағалануы керек.	8	ОН1 ОН3 ОН10

### 2.3 Білім беру бағдарламасының құрылымы

Білім беру бағдарламасының құрылымы білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы).

### 2.4 Оқу үдерісінде пайдаланылатын инновациялық технологиялар мен оқыту әдістері

7М01601–«Тарих» ББ бойынша магистранттарды түйінді құзыреттіліктері мен оқу нәтижелерін қалыптастыру мақсатында профессор-оқытушылар құрамы төмендегідей инновациялық технологиялар мен оқыту әдістерін пайдаланады:

- Шағын топтарда (командада) жұмыс.
- Жобалау технологиясы.
- Нақты жағдайларды талдау (case study).
- Рөлдік және іскерлік ойындар.
- Модульдік оқыту.
- Контекстік оқыту.
- Сын тұрғысынан ойлауды.
- Проблемалық оқыту.
- Жеке оқыту.
- Озық дербес жұмыс.
- Пәнаралық оқыту.
- Тәжірибе негізінде оқыту.
- Ақпараттық-коммуникациялық.

Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, оқу процесін ұйымдастыру қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, онлайн режимінде немесе аралас форматта іске асырылуы мүмкін. Онлайн режиміндегі оқу сабақтары нақты уақыт режимінде оқытудың өзара іс-қимыл процесін көздейді: бейнеконференциялар (GoogleMeet, Skype, Discord, MOODLE, ZOOM, Google Classroom, Microsoft Teams, Hangouts, Cisco WebEx Meetings және т.б.).

### 2.5 Мүгедектігі бар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін білім беру бағдарламасын іске асыру шарттары

Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар контингентінде ерекше білім алу қажеттілігі бар тұлғалар болған жағдайда білім беру бағдарламасы білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктеріне бейімделеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін олардың денсаулық жағдайын ескере отырып, "Дене шынықтыру" пәнін игерудің ерекше тәртібі белгіленеді. Денсаулығында мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін іс-тәжірибеден өту орындарын таңдау білім алушылардың денсаулық жағдайын және қол жетімділік талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады. ЖОО-да ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескереді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар олардың денсаулығын шектеуге бейімделген нысандарда баспа және (немесе) электрондық білім беру ресурстарымен қамтамасыз етіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды әлеуметтік бейімдеу үшін үздіксіз және кешенді сипатқа ие жеке сүйемелдеу қарастырылған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды алып жүру білім беру үдерісінің мақсаттарымен, мазмұнымен және әдістерімен анықталады, қажетті құзыреттілікті уақтылы қалыптастыруға кедергі келтіретін білім беру бейімделуінің пайда болған мәселелерінің алдын алуға бағытталған.

### **3 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ**

#### **3.1 Кадрлық ресурстар**

Білім беру бағдарламасы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығының 64-65-тармақтарына сәйкес педагог және оқытушы кадрлармен қамтамасыз етілген.

#### **3.2 Материалдық-техникалық база**

Университет 3 оқу корпусымен, оқу-зертханалық кешенмен, кітапханамен, әскери кафедралармен, 3 жатақханамен, Балқаш көліндегі «Құлагер» оқу-сауықтыру полигонымен, «Қарлығаш» спорттық-білім полигонымен, 1000 орындық стадионмен қамтамасыз етілген.

Оқу үдерісі 165 аудиторияда, атап айтқанда 65 интерактивті тақта орнатылған 30 оқу-ғылыми зертханаларда, 31 компьютерлік сыныптарда, 4 лингафондық кабинеттерде, 306 орындық 6 оқу залдарында іске асырылады. Аудиториялар заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған және білім беру бағдарламаларының талаптарына, санитарлық-эпидемиологиялық және құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес келеді. Университеттің барлық компьютерлері жылдамдығы 300 МБ/с құрайтын ғаламдық Интернет желісімен, 100 МБ/с жылдамдықпен WiFi-ге тегін қол жеткізу қамтамасыз етілген.

#### **3.3 Ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз ету**

«Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына сәйкес жасақталған.

#### **3.4 Әлеуметтік ресурстар**

Өз біліктілігін арттыруға немесе қосымша білім алуға ниет білдірушілер үшін университетте біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы жұмыс істейді. Орталық базасында университет білім алушылары ағылшын тілі бойынша тегін тілдік дайындықтан өтіп, IELTS – ағылшын тілін білудің халықаралық деңгейін растау үшін емтихан тапсыруға дайындала алады.

Студенттер мен жас ғалымдардың кәсіпкерлік құзыреттерін дамыту үшін университетте Ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімі, Стартап Академия жұмыс істейді.

Стартап Академия инновациялық және кәсіпкерлік қызметті дамыту және шағын және орта бизнес субъектілерінің санын ұлғайту үшін Жетісу облысы жастарының барлық қажетті инфрақұрылымын ұсынады. Академияда оқыту тренингтері мен семинарлар өткізіледі, стартап-жобаларды мақсатты іздеумен, іріктеумен және дамытумен, сондай-ақ стартаптарды дамыту мәселелері және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары бойынша консультациялық сүйемелдеумен, тәлімгерлікті ұйымдастырумен, сараптамалық қолдау көрсетумен, гранттық конкурстарды өткізумен айналысады.

Оқудан бос уақытта білім алушылар спорт залдарында және бірнеше спорт түрлері бойынша секцияларға тегін қатыса алады. Бұл бағытта университеттің спорт клубы белсенді

жұмыс жүргізеді, ол салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастырумен және насихаттаумен, еркін таңдалған спорт түріндегі қажеттіліктері мен қабілеттерін көрсету үшін білім алушыларды командаларға біріктірумен, дене шынықтыру-спорттық және сауықтыру іс-шараларын ұйымдастырумен және өткізумен, жастардың әртүрлі деңгейдегі спорттық жарыстарға қатысуын ұйымдастырумен айналысады.

Университеттің спорттық базасында ұзындыққа секіруге, граната лақтыруға және жүгіру жолдарына арналған секторлар, стандартты футбол алаңы бар көпфункционалды стадион, бокс, гимнастика, күрес залдары және заманауи спорттық жабдықтармен жабдықталған тренажер залы кіреді.

Универсиитте әлеуметтік өзара іс-қимыл, белсенді өмірлік ұстаным, азаматтық сана, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі басқару, жүйелік-қызметтік сипаттағы құзыреттерді қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасалған.

Университеттің әлеуметтік-мәдени ортасында студенттердің шығармашылық белсенділігін дамыту мәселелерімен Тәрбие және әлеуметтік жұмыс бөлімі және Жастар орталығы айналысады. Студенттердің жан-жақты шығармашылық қабілеттерін ашу мақсатында университетте Қазақстан халықтары Ассамблеясы кафедрасы жұмыс істейді; би және вокалдық-аспаптық ансамбльдер, студенттік театр, дебатерлер клубы, волонтерлік клубтар, КВН командалары, әдеби, зияткерлік клубтар, «Жас Отан» жастар қанаты, «Жасыл Ел» еңбек бірлестігі, «Жас қыран» қоғамдық полиция көмекшілерінің бірлестігі, «Ерлік» әскери-патриоттық клубы және т.б.

#### **4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ТУРАЛЫ ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шаралардың мазмұны	Іске асыру мерзімі	Жауаптылар
<b>Оқу-әдістемелік бағыт</b>			
1	Тарих пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін, дағдыларын, мәдениетін қалыптастыруға бағытталған пәндердің мазмұнын жаңарту	2023-2024	БББ жетекшісі, ПОҚ
2	Педагогикалық шеберлік орталығы «Назарбаев Зияткерлік мектептебі» ДББҰ ұйымдастыратын курстарда біліктілікті арттыру.	2023-2024	БББ жетекшісі, ПОҚ
<b>Ғылыми-зерттеу бағыты</b>			
1	Тарих студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша ғылыми семинар өткізу	2023-2024	БББ жетекшісі, ПОҚ
2	Ұсыныс бойынша жобаларға қатысу	2023-2024	БББ жетекшісі, ПОҚ
<b>Тәрбиелік бағыт</b>			
1	Облыстық, республикалық мәдени іс-шараларға белсенділік таныту.	2023-2024	БББ жетекшісі, ПОҚ
<b>Біліктілік арттыру</b>			
1	«Өрлеу» БАҰО ұйымдастырған курстарда біліктілікті арттыру	2023-2024	БББ жетекшісі, ПОҚ
2	Семинар, тренингтарға қатысу.	2023-2024	БББ жетекшісі, ПОҚ
<b>Кәсіптік бағдар жұмысы</b>			
1	Тарих пәні мұғалімдерін даярлау бойынша еңбек нарығын зерттеу үшін Талдықорған қаласындағы білім беру ұйымдарының өкілдерімен семинар өткізу	2023-2024	БББ жетекшісі, ПОҚ
2	«Атамекен» рейтингтеріне қатысу, қорытындылар мен ұсыныстарға негізделген БББ әзірлеу	2023-2024	БББ жетекшісі, ПОҚ